

38 қазақ орта мектебі

***2025-2026 оқу жылындағы
әлеуметтік педагогтың
атқарған жұмысының есебі***

2025 – 2026 оқу жылы

№38 қазақ орта мектебі әлеуметтік педагогының 2025–2026 оқу жылы бойынша атқарған жұмысының есебі

Әлеуметтік педагогтың мақсаты

Әр балаға қолайлы жағдай жасау, әртүрлі әлеуметтік санаттағы отбасы балаларымен жұмыс жүргізу, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, балалардың өз жолын табуына ықпал ету, рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру және оларды қоғамға бейімдеу жұмыстарын ұйымдастыру. Оқушылармен, педагог кадрлармен және ата-аналармен жұмысты негізге ала отырып, 2025–2026 оқу жылына арналған мектепшілік оқушылардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жұмыс жоспары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау;

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды есепке алу;

Аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасы балаларымен жұмыс жүргізу;

Қамқорлықтағы және ерекше білімді қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету;

Оқушылардың құқықтарының сақталуын бақылау;

Ата-аналармен және сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыс ұйымдастыру;

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу;

Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау жұмыстары

2025–2026 оқу жылына мектеп директорының бекітуімен жылдық жоспар жасалды. Жоспар негізінде оқу жылы басында сынып жетекшілерімен бірлесе отырып мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Әр сыныптың әлеуметтік төлқұжаты мен оқушылар және ата-аналары туралы мәліметтер жинақталып, оқушылардың әлеуметтік жағдайына қарай тізімдер құрылды.

Атап айтқанда:

- көпбалалы отбасы балалары;
- аз қамтылған отбасы балалары;
- өгей ата-анамен тұратын оқушылар;
- толық емес отбасы балалары;
- инклюзивті білім алушылар;
- атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар;
- жартылай жетім және қамқорлықтағы балалар анықталды.

Тамыз–қыркүйек айларында оқушылардың құжаттары тексеріліп, әлеуметтік санаттағы оқушылардың құжаттары толықтырылды.

Әлеуметтік паспорт көрсеткіштері

Мектеп оқушыларының жалпы саны – 681

Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар – 82

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 1

Инклюзивті білім алушылар – 9

Үйден оқитын оқушы – 1

Мектептің әлеуметтік статусы

Толық отбасылар – 257, бала саны - 498

Толық емес отбасылар – 139, бала саны - 182

Анасы жоқ балалар – 6

Әкесі жоқ балалар – 30

Көпбалалы отбасы – 106, бала саны - 154

Аз қамтылған отбасы – 38, бала саны - 82

Мектепішілік бақылауда тұрғандар – 7

«Мектепке жол» республикалық акциясы

2025 жылғы 1–31 тамыз аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке дайындалу үшін көмек көрсету. Акция барысында демеушілер мен ұйымдардың қолдауымен оқушыларға материалдық көмек көрсетілді:

Ақтөбе қаласы ҚАЖ департаменті №70 мекемесі – 1 оқушыға мектеп формасы, спорттық киім, аяқ киім, рюкзак және оқу құралдары;

«ODEVASHKA» дүкені – 2 оқушыға мектеп формасы және оқу құралдары;

«Әділет» дүкені – 5 оқушыға оқу құралдары;

Мұғалімдер мен ата-аналар – 6 оқушыға мектеп құралдары мен киім;

Халық Банк – 5 оқушыға оқу құралдары.

Барлық демеушілерге мектеп әкімшілігі мен ата-аналар атынан алғыс білдірілді.

Қаржылай көмек көрсету

Жергілікті бюджет есебінен:

АӘК алатын – 35;

Күнкөріс деңгейі төмен – 16;

ААҚҚ – 1;

Алқалық шешіммен – 34;

жалпы 86 оқушыға 46 228 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді.

Қаражат уақытылы аударылып, ата-аналар оқушыларды қажетті оқу құралдарымен және мектеп формасымен қамтамасыз етті.

Бракераж комиссиясының жұмысы

Мектеп асханасының жұмысын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы құрылды.

Төрайымы:

Л.Ш. Урекешова

Мүшелері:

А.А. Мустафина – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

М. Есмагамбетова – әлеуметтік педагог;

Е. Асанов – шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

А. Курбангалиева – мектеп медбикесі;

А. Үсенбаева – ата-аналар комитетінің төрағасы;

И. Бітік – қамқоршылық кеңесі мүшесі.

Ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Бастауыш сынып оқушыларын қоса алғанда 304 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Асхана жұмысы күнделікті бақылауда болды. Тамақ сапасы, тазалық талаптары және оқушылардың дұрыс тамақтануы тұрақты қадағаланды.

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

40 оқушы арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі:

Тамақ дәмді – 100%;

Тамақ тойымды – 100%;

Тамақ күнде әртүрлі – 100%;

Жеміс-жидек беріледі – 100%;

Тамақ тегін – 100%.

Қамқорлықтағы оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Мектептегі қамқорлықтағы 10 «Ә» сынып оқушысы Нуржигитова Зухра және қамқоршысы Комытов Сериктің отбасымен тұрақты байланыс жүргізілді.

Оқушыға мектеп тарапынан материалдық және әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Үйіне тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында акт жасалды.

28 қазан күні Қамқоршылар күніне орай «Мейірімге толы жүрек» атты іс-шара ұйымдастырылып, қамқоршыға мектеп директоры атынан алғыс хат пен сый-сияпат табысталды.

Өгей ата-анамен тұратын оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілері бірлесе отырып өгей ата-анамен тұратын оқушылардың тұрмыстық жағдайын зерделеді.

Ата-аналарға:

бала тәрбиесіне көңіл бөлу;

бала құқығын сақтау;

психологиялық қолдау көрсету;

бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі және әлеуметтік жағдайы тұрақты бақылауда болды.

Профилактикалық жұмыстар

Оқу жылы барысында:

құқық бұзушылықтың алдын алу;

буллингтің алдын алу;

ерте жүктіліктің алдын алу;

кәмелетке толмағандар арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру;

қауіпсіздік ережелерін сақтау бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып сағаттары, жеке әңгімелесулер және ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды.

Психологпен бірлескен жұмыстар

Мектеп психологымен бірлесе отырып:

әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстар;

психологиялық кеңестер;

бейімделу жұмыстар;

диагностикалық сауалнамалар;

ата-аналармен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

Ата-аналармен тұрақты түрде:

жиналыстар;

жеке кездесулер;

кеңес беру жұмыстары;

тұрмыстық жағдайын зерделеу;

бала тәрбиесіне қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жаңа жылдық қайырымдылық шаралары

Жаңа жыл мерекесіне орай аз қамтылған, көпбалалы, қамқорлықтағы және үйден оқитын оқушыларға демеушілер тарапынан көмек ұйымдастырылды.

Көмек көрсеткендер:

А.Мустафина – 10 қорап тәтті және 38 000 тг;

Халық Банк – 10 тәтті қорап;

мектеп асханасының арендаторы Н.Кабашева – 40 000 тг;

мектеп директоры Л.Ш. Урекешова – 10 000 тг;

Б.Тлегенова – 5 000 тг;

М.Бердібекұлы – 3 000 тг;

Б.Изтаева – 1 000 тг;

А.Кемалова – 2 000 тг.

Жалпы 60 оқушы жаңа жылдық сыйлықтармен қамтылды.

Оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру

2026 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын

ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жоспар бойынша:

мектеп жанындағы жазғы алаңға – 30 оқушы;

қала сыртындағы сауықтыру лагеріне – 20 оқушы қамтылуы жоспарланды.

Мектепте жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты мектеп жанындағы лагерь ұйымдастырылмайды.

Қазіргі таңда лагерьге баратын оқушылардың тізімі жасақталып, қажетті құжаттар жинақталуда.

2026 жылдың 3 маусымында I маусыммен мектептен 20 оқушы «Кампит» сауықтыру лагеріне жіберіледі.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында әлеуметтік педагог тарапынан оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, әлеуметтік көмек көрсету, құқықтарын қорғау, тегін тамақпен қамтамасыз ету, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру, профилактикалық жұмыстар жүргізу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар уақытылы анықталып, қажетті көмектер көрсетілді. Ата-аналармен, сынып жетекшілерімен, мектеп әкімшілігімен және мамандармен бірлескен жұмыстар өз деңгейінде ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жүйелі жұмыстар жалғасын табады.